

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
және сыйбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігінің
Қарағанды облысы бойынша
департаментінің басшысы,
Әдеп кеңесінің тұрагасы

Ж.Ш.Сәрсенов

«___» 2018 жыл

Қарағанды облысының жоғары оқу орындары, сонымен қатар техникалық
және кәсіптік орта білімнен кейінгі ұйымдардың
студенттері арасында үздік эссе
байқауының

ЕРЕЖЕСІ

Откізу мерзімі: 2018 жылдың 7 ақпанынан 28 ақпанына дейін.

Мақсатты топ: Қарағанды облысының жоғары, техникалық және
кәсіптік орта білімнен кейінгі ұйымдардың студенттері.

**1. Эссе байқауы (одан әрі - байқау) «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы
заңнаманың қалыптасуының 20 жылдығы» тақырыбында өткізіледі.**

2. Мақсаттары мен міндеттері:

1) Сыйбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мұлдем
төзбеушілік» ахуалын жасау арқылы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы
қозғалысқа жастарды тарту және сыйбайлас жемқорлық деңгейін төмендету,
өскелең ұрпақтың азаматтық белсенді ұстанымын, еліміздің дамуына
жауапкершілік сезімін және сыйбайлас жемқорлықты қабылдамауы мен оған
төзбеушілігін қалыптастыру;

2) Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып
сыйбайлас жемқорлықпен құрестің негізгі қағидалары мен механизмдерін,
мақсаттары мен міндеттерін белгілеген арнайы заң қабылдағаны, сыйбайлас
жемқорлыққа қарсы заңнаманың қалыптасуының кезеңдері туралы
тезистерді ашу.

3. Ұйымдастыруышы:

«Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша
департаменті» РММ (бұдан әрі - Департамент).

4. Откізу кезеңдері:

1) Байқау жұмыстарын қабылдау. Байқау жұмыстарын қабылдау 2018 жылдың 7 ақпанынан 28 ақпанына дейін Қарағанды қаласы, Бейбітшілік бульвары, 39, немесе dadgspk.karaganda@mail.ru электрондық мекенжайы арқылы іске асырылатын болады;

2) Байқау комиссиясының отырысы. Бұл кезеңде комиссия мүшелерінің қарауына студенттердің байқау жұмыстары ұсынылады. Отырыс қорытындысы бойынша ұздік эссе анықталады;

3) Қатысушылар мен жеңімпаздарды марапаттау. Байқау комиссиясы шешімінің нәтижелері бойынша жоғары ұпайларға ие болған эссе авторлары естелік сыйлықтар мен тиісті дипломдармен марапатталады.

5. Эссе жазуға қойылатын талаптар:

- негізгі критерийлер: тақырыптық өзектілік, даралық, бірегейлік, мазмұндылық, баяндау ерекшелігі, жоғары стилистикалық және грамматикалық орындалуы;

- негізгі тезистер: **сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың 20 жылдығы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың қалыптасуының кезеңдері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы негізгі қағидалар;**

- қатаң көлемдік шектеу: А4 форматындағы 2 параптан аспайтын баспа мәтін;

- байқау жұмыстары Microsoft Word мәтіндік редакторында Times New Roman қарпімен орындалады, қаріп өлшемі 14, жолдар арақашықтығы 1,5 (бір жарымдық), мәтіннің теңестірілуі беттің енін бойлай, бет бағдары – кітаптық, шеттері: оң – 1 см., сол – 2,5 см., жоғарғы және төменгі – 2 см.

- байқаудың жұмыс тілдері: қазақ және орыс;

- жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген эсселер комиссия қарауына жіберілмейді;

- эссені техникалық рәсімдеу үлгісі - № 1 қосымша.

6. Өтінімді рәсімдеу:

- өтінім дара түрде рәсімделеді - № 2 қосымша;

- жұмысқа бекітіледі.

7. Байқаудың комиссиясы:

Байқаудың комиссия құрамына Департаменттің, білім, жастар, үкіметтік емес, қоғамдық ұйымдарының өкілдері енгізілуі мүмкін.

Қосымша ақпаратты 8(7212) 50-41-02, 87011864300 (*Касымова Фарида Аманкулқызы*) байланыс телефондары арқылы алуға болады.

№ 1 Қосымша – эссеңі техникалық рәсімдеу

«Сыбайлас жемқорлықта қарсы заңнаманың қалыптасуының 20 жылдығы»

Автордың аты-жөні

№ 2 Косымша – Отінім нысаны

Қатысушының аты-жөні	
Оқу орнының атауы	
Факультет	
Курс	
Байланыс мәліметтері (ұялы, үй тел., e-mail)	

Катысушының қолы